

Үй жануарларын ұстаудың ережелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық Мәслихатының 2003 жылғы 20 қарашадағы N 9-2с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 желтоқсанда N 1084 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, үй жануарларын ұстаудың ережелері бекітілсін.
2. Аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 19 наурыздағы N 8-10с "Үй жануарларын ұстаудың ережелері туралы" шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Аудандық санитарлық эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері

Ауданның мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторы

2003 жылғы 20 қарашадағы

мәслихаттың II сессиясының

N 9-2с шешіміне Қосымша

Үй жануарларын ұстаудың ережелері

I бөлігі

1. Жалпы ережелер

1) Осы ережелер барлық Кішкенекөл селосы мен Уәлиханов ауданындағы елді-мекендерінде тұратын үй жануарларының иелеріне қатысты, оның ішінде барлық меншіктегі ұжымдар мен ауыл шаруашылық нысандарына, меншік түріне және ведомстволық бағынышына қарамастан.

2) Үй жануарларын ұстаудың міндетті шарттары: тіркеу, жыл сайын қайта тіркелу, аса қатерлі жұқпалы ауруларға қарсы вакцинация жүргізу, паразитарлық ауруларға қарсы жұмыстарды өткізу, 2,5-3 айлық жастарынан бастап диагностикалық тексеруден өткізу;

санитарлық-тазалық, ветеринарлық-санитарлық ережесі мен мөлшерін сақтау.

3) Әкімшілік ауданнан тысқары сыртқа шығаруға және сатуға үлгімен белгіленген ветеринарлық куәлікті ресімдегеннен кейін рұқсат беріледі, ол куәлікті беретін ауданның мемлекеттік ветеринарлық қызметі, барлық өткізілген ветеринарлық алдын алу жұмыстары осы куәлікте көрсетіледі.

4) Елді-мекендердің аумағында үй жануарларын шомылдыруға, көшелер мен

парктерде бағуға тыйым салынады.

5) Аса қатерлі жұқпалы ауруларға күдікті жануарлар, мал мамандарының шешімі бойынша алынып, бөлек қамауға қойылады.

2. Үй жануарлар иелерінің міндеттері

1) Жануарлардың иелері міндетті:

оларды биологиялық қабілеттілігіне сәйкес ұстау, жануарларды қайырымдылықпен күту, ауырып қалған жағдайда ветеринарлық көмек жасауға;

оларды ұстайтын жерлерді санитарлық жағдайда қалыпты сақтауға; мемлекеттік мал мекемелері мамандарының талаптары бойынша үй жануарларын диагностикалық тексерістен емдеу-алдын алу жұмыстарын өткізу үшін уақытында оларды әкелуге;

адамдар мен жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық сақтық шараларды қабылдауға;

егер жануарлар адамды немесе жануарларды тістеген жағдайда, тез арада медициналық немесе мал дәрігерлік мекемелеріне қаралуы керек. Жануарларды мал емдейтін мекемеге көрсетуге және карантин қоюға мал дәрігерлік мамандарының қарауымен әкелу қажет.

2) Өлген жануарлардың тәнін жою немесе жағу, мал өлімтігін жағып-жоятын жерде, селолық округтердегі мал мамандарының бақылауымен жануарлар иесінің есебінен өткізіледі.

3) Бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану қажет.

3. Жануарлар иелерінің құқығы

1) Әрбір жануар ие меншігінде саналады және меншік есебінде Заңмен қорғалады.

II бөлігі

1. Ит пен мысықты ұстау

1) Рұқсат етіледі:

қысқа байлауышпен тұмырықталған иттерді қыдыртуға; жануарларды барлық көлік түрімен тасымалдауға, егер жолаушыларға қысылым кедергі жасалмаса.

2) Тыйым салынады:

қоғамдық жерлерде байлауышсыз, тұмырықталмаған итпен жүруге және қыдыртуға;

спорттық, балалар алаңдарын, тротуарларды және парк аумақтарын жануарлардың ластауына;

қоғамдық жерлерде, көшелер мен парктерде иесіз жүрген иттер мен мысықтар, иесіз қаңғырып жүргендер болып саналады, олар ұсталынып немесе атылуға тиісті.

2. Ауыл шаруашылық үй жануарларын, құстарды және араларды ұстау

1) Ауыл шаруашылық үй жануарлары, құстар және аралар арнайы жабдықталған құрылымдарда ұсталуы тиіс.

2) Қи, жем-шөп қалдықтары, басқа да қоқыстар арнайы белгіленген орындарға уақытында шығарылуы тиіс. Мал қоралары ай сайын ақталуға және дезинфекциядан өткізілуі тиіс.

3) Сәуір айынан қараша айына дейінгі мерзімде, әр түрлі жұқпалы ауруларды тасымалдайтын, шыбын-шіркейлермен күрес мақсатында үй жануарлары мен құстар тұратын қораларды аптасына бір рет инсектицидтік препараттармен өңдеп тұру қажет.

4) Көшелерде, парктерде және басқа да жалпы пайдаланатын жерлерде малды бағып шығаруға тыйым салынады.

5) Жазғы жайылым мерзімінде малды селолық округтің әкімшілігі белгілеген жер телімдерінде ғана бағуға болады.

Жалпы қоғамдық табынға тек дені сау, жоспарлы ветеринарлық тексерістерден өткен малды ғана қосуға болады.

III бөлігі

1. Осы ережені бұзғаны жөніндегі жануарлардың иелерінің жауапкершілігі

1) Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339-ІІ "Ветеринария туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N№155-ІІ "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 361-ІІ "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңына сәйкес, жануарлардың иелеріне осы ережені бұзғаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

2) Жануарлар азаматтардың денсаулығына зиян немесе мүліктеріне шығын келтірсе, ол Заңды түрде жануарлар иесінің есебінен өндіріліп алынады.